



Сахнада – антикалық драма

«Герострат» спектаклін сахналауды облыстық өзбек театрының классикаға қайта оралуы деп қабылдадық. Қойылым көрерменді терең ойға тартады, эстетикалық әсер беріп қана қоймай, талғамының дамуына да ықпал етеді.

Әдебиетке өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының екінші жартысында келген Григорий Горин жүртшылықта драматург ретінде де танылды. Осы жылдары оның бірнеше шығармасы Мәскеу театрларында қойылды. Режиссер Марк Захаровтың башшылығымен Ленком театрында қойылған шығармалары оған үлкен абырай әкелді. Г.Горинның драмаларына одақтас республикалардың театрлары да қызығушылық танытты. «Герострат» шығармасындағы оқиға кene Грекияның Эфес қаласында, б.з.д. 356 жылды өтеді. Шығарма кейіпкері Герострат Артемида гибадатханасына өрт қойып, атағын шығаруды ойлады. Судья, қала әкімі мен оның айелі, бақылаушылар осы оқиғаны өз мақсаттары үшін пайдалаңуды көздейді. Бірақ, Герострат та оңай шатылатын жаңғақ емес еді.

Спектакль тақырыбы сол заманың тыныс-тіршілігі мен проблемаларын қозғағынмен, көтерілген мәселелер бүтінгі күнмен де үндесіп тұр. Сатқындық, қиянатшылдық, жемқорлық, алаяқтық... Қыр сонымыздан қалмай келе жатқан осы кеселдермен қалай күресу керек? Режиссер, міне, осы мәселелерге көніл аударады.

Өзбек драма театрының кene дәүір өмірін бейнелеген шығарманы сахналауы кездейсоқ емес. Бұған дейін театр сахнасында Софоклдың «Эдип патша» трагедиясы қойылған еді. Театр ұжымы Қырымда өткен халықаралық «Босфорские огни» байқауына қатысып, осы қойылымы үшін жүлде алғанын еске сала кеткеніміз жөн.

Қойылым бізді ежелгі дәүірге жетелейді. Сахнаның, безендірілуі (суретші Сайидсултан Жахангиров) көне заманың көріністерін көз алдыңызға экеледі.

Актерлер өз рөлдерін ете шеберлікпен сомдаған. Осы ретте актерлердің ете дұрыс таңдалғанын да айту қажет. Яғни режиссер Куандық Қасымов қателеспеген. Герострат (Улугбек Носиров), екімінің айелі Клементина (Дилдора Бобошева), судья Клеон (Ахмадвой Эргашев), қала әкімі Тиссаферн (Сайдикарим Махмудов), Артемида гибадатханасының абызы Эрита (Клара Шодибекова), Крисипп (Акбар Эрхонов) образдары шынайы шыққан.

Көрермен ретінде бірер пікір айта кеткенді жөн көріп отырмыз. Мәселен, қойылымда өзбек әдеби тілінің кейбір сездері дұрыс қолданылмайды (бұл шығарманы 1973 жылы Эркин Исмаилов өзбек тіліне аударған болатын). Аударма сапасы жақсы болғанымен, шығарма тілі қазіргі әдеби нормаға сай келмейді. Содан кейін сахналық киімдер өз дәүіріне лайық болуы керек еді ғой. Сондай-ақ, кейбір эпизодтар жастардың санасына көрі әсер етуі де мүмкін.

«Театр адамы» рөліндегі актер (Жавлон Саидов) сездері көрермендерге айын жетпейді. Әрине, айтылған кемшіліктер режиссер мен актерлер енбегінің бағасын тәмемдептейді. Қойылым барысында актерлер шындала түссе, өз рөлдерін аша түссе деген пікіріміз бар.

**Закиржан МОМИНЖАНОВ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
театртанушы.**

**Негматжан АЛМЕТОВ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы.**